

**Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы N 64 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) "Қазқұрылысжүйесі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні өндірістік, азаматтық және жол құрылысы, құрылыс, әрлеу және қаптау материалдарын, сантехника өндіру, жобалау жұмыстары болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғылық капиталын Кәсіпорынның мүлкі есебінен 107585000 (бір жүз жеті миллион бес жүз сексен бес мың) теңге мөлшерінде қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.20. N 594 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғысын бекітуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 26 қаңтардағы

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
2. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 қаулысында :  
көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:  
"Қазқұрылысжүйесі" АҚ".
3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):  
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:  
"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-60-жолмен толықтырылсын:  
"21-60. "Қазқұрылысжүйесі" АҚ".
4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :  
көрсетілген қаулыға қосымшада:  
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 238-8-жолмен толықтырылсын:  
"238-8. "Қазқұрылыс жүйесі" АҚ".